

## **Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кентіндегі көшені қайта атау туралы**

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінің әкімінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Сарышаған кенті халқының пікірін ескере отырып және Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2023 жылғы 19 шілдесіндегі қорытындысының негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кентіндегі Мектеп көшесі Таңыбай батыр көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарышаған кентінің әкімі*

*А.Тоимбеков*